

"Қалалық жолаушылар автомобиль көлігі" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 313 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10386 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Қалалық жолаушылар автомобиль көлігі» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көліктік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға көшірмесін жіберуді;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
----- Т. Дүйсенова

2015 жылғы 21 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрі міндетін атқарушының
2014 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 313 бұйрығымен
бекітілген

«Қалалық жолаушылар автомобиль көлігі» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қалалық жолаушылар автомобиль көлігі» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын, оның ішінде кәсіпорындағы персоналды оқыту үшін білім беру мен мекемелердегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін және персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

1) бағыт – автокөлік құралының алдын-ала жоспарланған жүру жолы;
2) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

3) біліктілік анықтамалығы – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

4) біліктілік деңгейі – біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместгін, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзіреттілігінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

5) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

6) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарық жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу

т е т і к т е р і н і ң

ж и ы н т ы ғ ы ;

7) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

8) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

9) жолаушы – көлік құралының ішіндегі және оны басқармайтын, тұлға және оны басқармайтын адам;

10) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын және білі туралы тиісті құжаттармен расталатын нақты білімін, шеберлігін және практикалық дағдыларын талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

12) кәсіби стандарт – еңбектің біліктілік, құзіреттілік, мазмұндық, сапалық және шарттық деңгейлеріндегі нақты саладағы кәсіби қызметті анықтайтын стандарт;

13) кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттіліктерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

14) сала – шығаратын өнімдерінің, өндіріс технологияларының, негізгі қорларының және жұмыс істеушілердің кәсіби машықтарының ортақтастығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы.

3. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар пайдаланылады:

1) ҰБШ - ұлттық біліктілік шеңбері;

2) ҰБЖ - ұлттық біліктілік жүйесі;

3) СБШ - салалық біліктілік шеңбері;

4) КС – кәсіби стандарт;

5) БА - біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарт атауы: Қалалық жолаушылар автомобиль көлігі.

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: кәсіби стандарттың мазмұнына қойылатын біріңғай талаптарды сәйкестендіру және бекіту, автокөлік құралын техникалық пайдалануды ұйымдастыру аясында мамандарға қойылатын біліктілік деңгейінің нақты өлшемдерін айқындау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: бекітілген бағытқа сәйкес қалалық автомобиль көлігінде жолаушыларды тасымалдау бойынша сапалы

қ ы з м е т т і

к ө р с е т у .

7 . Н е г і з г і т о п : к ө л і к .

Кәсіби топ: жүктер мен жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтерді ұсыну.

4. Кәсіптер карточкалары

8 . К ә с і п т і з б е с і :

жолаушылар көлігінің кондукторы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгейі;

қозғалыс қызметінің диспетчері, СБШ бойынша 4 біліктілік деңгейі;

жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер, СБШ

б о й ы н ш а 5 б і л і к т і л і к д е ण г е й і .

Кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандарттың қосымшасында келтірілген.

«Қалалық жолаушылар автомобиль

көлігі» кәсіби стандартына

қосымша

Кәсіптер карточкалары

«Жолаушылар көлігінің кондукторы» КӘСПИ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіп коды	-
Кәсіп атауы	Жолаушылар көлігінің кондукторы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі СБШ	2
БА бойынша біліктілік деңгейі	2
Кәсіби білім деңгейі	Жалпы орта білімнің бар болуы, бірақ негізгі орта білімнен төмен емес, жә немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасындағы қысқа мерзім, курстар немесе кәсіпорында оқудан өту)
Еңбек функциялары	1) Автокөлік құралының жол бағытында жолаушыларға қызмет көрсету.
Еңбек функциялары Автокөлік құралының жол бағытындағы жолаушыларға қызмет көрсету	Шеберлігі мен дағдылар 1. Көлік құралының салонына қарау жүргізу, оның санитарлық жағдайы салонның дұрыс жарықталуына бақылау жүргізе біл 2. Жолаушылардың автобустармен, маршруттық таксомоторларды қолдағ қағидасын сақтауды бақыла 3. Автокөлік құралы салонын тиісті санитарлық жағдайда ұстау біл 4. Жол жүру мен жүкті тасымалдау үшін билетерді сатудың ағымдағ есептілігін жүргізе біл 5. Қажет болған жағдайларда жолаушыларға автобус салонынан, маршрутты таксомотрадан, оның ішінде қосалқы есіктерден шығу кезінде көмек көрсет 6. Сатылған билеттердің ай сайынғы есептілігін жүргізу дағдыс 7. Сатылған билеттер қаражатының есептілігін және оларды белгіленге тәртіпте тапсыруды жүзеге асыру дағдыс 8. Жол жүрудің электронды төлем жүйесінің жабдығымен жұмыс істе дағдысы . 9. Жедел жағдайлар туралы жүргізушіге шұғыл хабарлау және оның өкімдеі

	о р ы н д а й б і л : 10. Автокөлік құралында қайғылы оқиғалар кезінде зақымданушы адамның өмірі мен денсаулығына төнген зақымдар мен қауіпті анықтай біл 11. Билеттердің ай сайынғы есептілігін жүргізке білу: билеттік-есепті паракты жүргізу, ауысымнан кейін кассирмен бірге есеп айырысуды жүргіз келесі ауысымға қажетті билет өнімінің қорын ал 12. Автокөлік құралының салонындағы ақауларды анықтап, оларды тасымалды ұйымдастыру жөніндегі инженерге хабарлай білуі.	
	Б і л і м і : 1. «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген көліктегі әкімшілік құқық бұзушылықтар және олардың түрлері 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар мен жүкті тасымалды қағидалары . 3. Билеттік-есептік құжаттардың құрамы, билеттік-кассалық құжаттардың рәсімдеудің қағидасы, билет өнімдерін, ақша қаражатын және билет өнімдерінің қалдықтарын алу, сақтау және жүзеге асыру тәртібі 4. Ауысымды қабылдау мен тапсыру тәртібі туралы ішкі нормативтік құжаттар . 5. Пайдалану филиалының маршруттық желісі (парк) 6. Автопарк қызмет көрсететін оның ішінде ауысып отыру мүмкіндігі бар пункттердің, аялдамалардың, маршруттық жолдардың атаулары 7. Жанжалтану негіздері 8. Кондукторларға арналған еңбек қауіпсіздігі бойынша өндірістің санитарияның қағидасы және өрт қауіпсіздігінің қағидасы бойынша нұсқаулық . 9. Жолдағы авариялық жағдайлардың көрсеткіштері мен түрлері 10. Адамдарды салоннан адамдарды эвакуациялау тәртібі 11. Өрт кезіндегі дабыл сигналы, өрт кезіндегі іс-әрекетті тәртібі, өрт сөндіргіш құралдарының орналасқан жері 12. Автокөлік кәсіпорындағы қозғалмалы құрамының маркалары, олардың сыйымдылығы . 13. Қалалық жолаушылар көлігіндегі еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігін өндірістің санитария нормалары.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Ж а қ с ы І л т и п а т т ы қ Жеке жинақылық. з е й і н	
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	5112	Б и л е т к о н т р о л е р і . Жолаушылар көлігінің контролері
«Қозғалыс қызметінің диспетчері» КӘСІП КАРТОЧКАСЫ		
Кәсіп коды	3144	
Кәсіп атауы	Қозғалыс қызметінің диспетчері	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4	
БА бойынша біліктілік деңгейі	4	
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім.	
Еңбек функциялары	1) Бекітілген бағыттарға сәйкес автокөлік құралдарының тұрақты және үздіксіз қозғалыстарына басшылық ететін	

	2) Қазіргі заманғы навигациялық жүйелер көмегімен автокөлік құралдар қозғалысының мониторингі мен талдауы.
1 еңбек функциясы Бекітілген бағыттарға сәйкес автокөлік құралдарының тұрақты және үздіксіз қозғалыстарына басшықыл ету	Шеберлігі мен дағдылар 1. Нақты бағыт бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыру арналған рұқсат құжаттарда бар болуын бақылау 2. Жол парақтарындағы тиісті техникo-экономикалық көрсеткіштерді есептеу 3. Бекітілген нормаларға сәйкес жанар-жағармай материалдарын шығындалуын бақылау 4. Жүргізушілер арқылы еңбек және демалыс тәртібінің сақталуын бақылау 5. Жолдағы автокөлік құралдарына техникалық көмек көрсету бойынша қосалқы қызметтің жұмысын координациялау 6. Өндірістік нұсқаулықтар мен жүргізушілердің білімдерін тексеруді өткізу 7. Жедел жағдайларда, автокөлік құралдарының ритімдік және үздіксіз қозғалысы бұзылған жағдайда шұғыл шараларды қабылдау білімі 8. Автокөлік құралдарының жолдан дер кезінде қайтуын қадағалау, автокөлік құралы дер кезінде оралмаған жағдайда оның тұрған жерін анықтау және он оралуы үшін шараларды қолдана білу 9. Автокөлік құралдарын пайдалануды жақсартуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және жолаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру 10. Жалпы автокөлік кәсіпорнының жұмысы мен оның диспетчерлік қызметі туралы есептілік құжаттарын құрастыру.
	Б і л і м і : 1. ««Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидас 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар мен жүкті тасымалдау қағидасы . 3. Жол құжаттарын рәсімдеу, беру, қабылдау және өңдеу тәртібі 4. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өр қауіпсіздігі нормалар 5. Кәсіпорындағы автокөлік құралдарын ұйымдастыру мен координациялау жүйесі . 6. Құжаттану негіздер 7. Қазақстан Республикасындағы еңбек пен өндірісті ұйымдасрудың өндірістік-күнтізбелік жоспарлаудың, еңбек заңнамасының негізде 8. Диспетчерлік қызметке қатысты жол парақтары мен басқа да құжаттарды рәсімдеу бойынша нұсқаулықтар, регламентте 9. Автокөлік құралдарындағы санитарлық қағидалар.
	Шеберлігі мен дағдылар 1. Мобильді байланыс әдісі мен GPS арқылы дубляжданған сызба бойынша барлық автокөлік құралдарының қозғалысын бақылай білу 2. Спутникті навигация және мобильді байланыс блогымен жабықталған бақылаушы автокөлік құралдарынан автоматтандырылған диспетчерлік жүйеге келіп түсетін навигациялық деректердің талдау 3. Тасымалдау процесін жедел басқару (автокөлік құралының бағыты бақылау, қажет болған жағдайда тасымалдау процесі кезінде бағытты өзгерт автокөлік құралын мақсатсыз түрде қолдану анықталған жағдайда немесе немесе автокөлік бағыттан шыққан жағдайда дауыс ұлғайтқыш арқыл

2 еңбек функциясы Қазіргі заманғы навигациялық жүйелер көмегімен автокөлік құралдары қозғалысының мониторингі мен талдауы	жүргізушіні шақыру, зуммер, тәртіп бұзушылық журналын жүргізу, е әрекеттерін х а т т а м а л а у 4. Бағыттар бойынша автокөлік құралының қозғалысының басталуы ме аякталуы туралы ақпаратты талдау, қозғалыс, жылдамдық тәртібі, қозғалы интервалы сызбасын сақтау, бекітілген жоспарлардан ауытқуды анықтау жә оладың алдын-алу мен жою бойынша іс-шааларды қолдану 5. Автокөлік құралын диспетчерлік бақылау жүйесіндегі автоматты виде сәйкестендіргіш пен спутникті навигация жүйесін қолдану есебінен автомобиль жолдарындағы аварияларды азайтуға бағытталған амалдард ұсыну, автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбеу және демалыс уақыты сақтауды есепке алу мен бақылау процестерін жетілдірі 6. Автокөлік құралдарының нақты бағытқа шығуы туралы ақпаратты талда рейстен кейінгі жолаушыларды тасымалдау процесін бақылау (қозғалы талдау) дағдысы		
	Б і л і м і : 1. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақста Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заң 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақста Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзырет орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидас 3. Басқарудың автоматтандырылған басқару негізде 4. Байланыстың радиотехникалық жабдықтарын, өндеудің техникалы жабдықтарын қолдану негіздері және ақпаратты беру.		
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Жұмысты дұрыс жоспарла Командалық жұмысты ұйымдастыр Техникалық сауаттылы С а б ы р л ы қ . Ойлануға аз уақыт берілген жағдайда жетік шешімдерді қабылдай білу.		
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	3 1 5 2 4132	Автомобиль көлігінің Диспетчерлік қызмет Қозғалыс қызметінің операторы.	ревизор оператор
«Жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер» КӘСП КАРТОЧКАСЫ			
Кәсіп коды	2149		
Кәсіп атауы	Жолаушыларды тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5		
БА бойынша біліктілік деңгейі	4		
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім		
Еңбек функциялары	1) Жолаушыларды тасымалдаудың ағымдағы және келешектегі жоспарларь әзірлеу және жүзеге асыруға басшылық ету		
	Шеберлігі мен дағдылар 1. Қызмет көрсететін аймақты, жолаушылар тасқынының көлемі ме бағыттарын зерттеу, біл 2. Автобус бағытындағы барлық шарттардың орындалуын бақыл 3. Жолаушыларды тасымалдаудың өзіндік құнының төмендеу мүмкіндігі автокөлік құралдарының толық кірістер жиының және қозғалыс жылдамдығының қалыптануын талдау, құжаттарды пайдалануды енг 4. Тасымалдың ауысымдық-тәуелдіктік жоспарын ұйымдастыру, бағы		

1 еңбек функциясы Жолаушыларды тасымалдаудың ағымдағы және келешектегі жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыруға басшылық ету	кестесін 5. Жаңа бағыттарды ашуға және қолданыстағы бағыттарды өзгертуге арналған тиісті құжаттарды әзірлеу 6. Автокөлік құралдарына арналған сараланған бағыттық жанармай шығындарының нормасының әзірлеу 7. Автокөлік құралдарының жұмыс аймағындағы жолдың күтіліуін бақылау және оларды қалыпқа келтіру бойынша тиісті мемлекеттік органдар арқылы шара л а р қа б ы л д а 8. Аялдама бекеттерін ұйымдастыруға қатысу және оларды дұрыс жабдықты бойынша бақылауды қамтамасыз ет 9. Автокөлік құралдарын пайдаланудағы техникалық және өндірістің қағидалардың сақталуын бақылау 10. Автокөлік құралдарын пайдалану, техникалық қызмет көрсетуді өткізу және жөндеу жұмыстары процесінде жанармайдың, жанар-жағармай материалдарының, косалқы бөлшектердің шығындарын бақылау 11. Кәсіпорын персоналының еңбек және демалыс тәртібін әзірлеу, жұмыс уақытын есепке алу бойынша құжаттарды жүргізуді бақылау.
	Б і л і м і : 1. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидасы 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-8) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін автомобиль көлігі арқылы жолаушылар мен жүкті тасымалдау қағидалары, сондай-ақ тасымалды жүзеге асыру тәртібі туралы басқа д е р е ж е л е р м е н н ұ с қ а у л ы қ т а 3. Көлік құралдарын пайдалануға жіберу және қауіпсіз жол қозғалысы қамтамасыз ету бойынша лауазымды тұлғалар мен жол қозғалысын қатысушылардың негізгі ережелері және автокөлік құралының техникалық жағдайының сұрақтары бойынша басшылық материалдар, еңбекті қорғауды техника қауіпсіздігінің, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігі қ о р ғ а у д ы ң н о р м а л а р 4. Автомобиль тасымалдарын жоспарлаудың математикалық әдістерінің н е г і з д е р і . 5. Қалалық жолаушылар көлігіндегі тарифтерді қалыптастыру мен қ о л д а н у д ы ң н е г і з д е р 6. Автомобиль көлігінде экономика және және басқаруды ұйымдастыру 7. Л о г и с т и к а н е г і з д е р 8. Қазіргі заманғы есептеуіш құралдарын қолдану арқылы отырып техника-экономикалық есептерді жүргізу әдіс.
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Қиын жағдайларда шешім қабылдай ал Техникалық ойлау қабілетінің жоғарғы деңгейде Ұйымдастырушылық дағдылары
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	
Кәсіби стандарттың техникалық деректері	
Өзгерленген:	Фактор» жүйелік зерттеулер компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Нұсқа номері мен шыққан жылы:	1 нұсқа, 2014 жыл
Болжамды қайта қарау мерзімі:	2017 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК